

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

PHILOLOGY

FTAMP 16.01.09

Қ. Күдерина¹, М. Абдиева¹

¹Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

1929-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЛАТЫН ГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМЫ

Андатпа: Бұл мақалада 1929-1940 жылдардағы латын графикалы қазақ жазуының тарихи тағылымы сөз болады. Зерттеу нәтижесі латын графикасымен басылған қазақ кітаптары туралы еңбектердің жоқ екендігін көрсетеді. 1929-1940 жылдары латын графикасымен Қазақстанда жарық көрген кітаптардың тізбесі жасалынып, кестемен көрсетілген. Кітаптардың авторлары, редакторлары, қай қалаларда басылғандығы да көрсетілген. Мақалада латын графикасындағы қазақ әліпбиімен 1929 жылдан емес, 1928 жылдан бастап шыға бастағаны айтылады. 1928 жылы 5000 тиражбен жарық көрген Байділдаұлы Ә. «Жаңа әліппе туралы» еңбегі талданады. Кітаптағы орфографиялық және пунктуациялық ерекшеліктер айтылады. Мәселен, «бас әріпке байланысты қиындықтар», «/в/-ның үлкен әріп нұсқасы», «қысан езуліктердің емлесі», «и, у дыбыстарының жазылуы», «кейбір дауыссыз дыбыстардың жазылуы», «сөздерді бірге, бөлек жазудағы өзгерістер», «кейбір тыныс белгілердің қолданылуы» секілді ерекшеліктер талданады.

Кілт сөздер: әліпби, графика, орфография, дыбыс, таңба.

Аннотация. В данной статье рассматривается исторический пример латинской графики в казахских письменных источниках в 1929-1940 годах. Установлено, что в Казахстане в 1929-1940 годах существовали перечни книг и их таблицы с латинской графикой. Даже отмечаются авторы, редакторы и указываются города, где были опубликованы эти книги. В статье также упоминается, что книги печатались в латинской графике не с 1929 года, а с 1928 года. Анализируется труд автора Ә. Байділдаұлы «Жаңа әліппе туралы», вышедший в свет в 2028 году 5000-ным тиражем. В данной работе отмечаются орфографические и пунктуационные особенности этой книги. Выявлено, что в книге обсуждаются такие особенности как «некоторые трудности по отношению к заглавным буквам», «вариант написания заглавной буквы В», «правописание нелабиализованных сонорных»,

«правописание звуков и, у», «правописание некоторых согласных», «разницы правописания слов слитно и раздельно», «употребление некоторых знаков препинания».

Ключевые слова: алфавит, графика, орфография, звук, знак.

Abstract. This article covers the historical example of Latin graphic in the Kazakh writings in 1929-1940. Research results show that there is not any published Kazakh book in Latin graphic. However, the reappeared obelisks and schemes of the books in Latin graphic in 1929-1940 in Kazakhstan. The article refers to authors and editors, even cities where these books were published. Moreover, the article mentions that the books were printed in Latin graphic rather than in Kazakh alphabet not starting from 1929, but even from 1928. The work of the author A. Baidildaulay «Zhana alippe turaly» published with circulation of 5000 in 1928 is being discussed. Spelling and punctuation features of the book are noted in his work. The book discusses such features as, for example, «some difficulties regarding the writing of capital letters», «the variant of writing capital letter B», «spelling of non-labial sonorant», «spelling sound of letters u and i», «spelling some consonants», «spelling differences of words together and separately», «the use of certain punctuation marks».

Key words: alphabet, graphics, spelling, sound, sign.

Бұл мақаланы жазудағы негізгі мақсатымыз қазіргі жаңа әліпбидің еңгізіліп жатқан оқиғасына орай біз сонау 1929-1940 жылдардағы емле тарихымыздан тағылым алу үшін ол кездегі басылымдар туралы мәлімет жинау. Жинағаннан кейін ең алғаш жарық көрген кітаптың графика, орфографиялық ерекшеліктерін саралау үшін жазу болды.

XX ғасыр тарихқа саяси және әлеуметтік-мәдени сілкіністерге толы күрделі уақыт ретінде енді. Латын графикасының қолданылу кезеңі Қазақстандағы индустрияландыру, ұжымдастыру, көшпелі мәдениетті отаршылыққа зорлықпен көшіру, қуғын-сүргін, мәдени революция сияқты ірі тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді. Он жылға жетпей Қазақстанда жазу әліпбиіне екі рет реформа жүргізілді, араб графикасынан латынға, латыннан кириллицаға ауысты.

1928 жылдың желтоқсан айында «Жаңа әліпби туралы» қаулысы Қазақстан Орталық кеңесі комитетінің IV сессиясында қабылданды. Қаулы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде 1929 жылғы 10 қаңтар күні басылып шықты.

Қабылданған қаулы бойынша араб әліпбиімен қатар, латын әрпі негізіне құрылған жаңа қазақ әліпбиі Қазақстан мемлекетінің әліпбиі деп саналды [1, 37].


Осы қаулының 1-2 бабына сәйкес, Қазақстандағы барлық мемлекет, кооператив мекемелері, түрлі кәсіп дүкендері, жұртшылық, ұйымдар жаңа әліпбиді қолдануға әзірлік жасап, 1929 жылдың 1 қазанынан түгелдей жаңа әліпбиге көшуге міндетті болды. Осыған сәйкес, 1930 жылғы қаңтардың бірінен бастап, газет-журналдардан басқа, қазақ тіліндегі шығатын кітаптар жаңа әліпбимен ғана басылды. 1931-1932 оқу жылынан бастап Қазақстандағы барлық мектептерде оқылатын қазақ тілі тек жаңа әліпбимен оқытылуының тиіс екендігі Қазақстан оқу комиссариатына міндеттелді. 1931 жылдың 1 қазанынан бастап Қазақстандағы барлық мемлекет, кооператив мекемелері, түрлі кәсіп дүкендері мен ұйымдар ісі жаңа әліпбиге көшірілді. 1932 жылғы қаңтардан бастап барлық газет-журналдар жаңа әліпбиімен ғана басылды.

Зерттеу нәтижесі латын графикасымен басылған қазақ кітаптары туралы еңбектердің жоқ екендігін көрсетті. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапхана қорында латын графикасымен басылған 3 609 кітап сақтаулы. Олардың барлығы «Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында» тұр. 2007 ж. және 2011 жылдары «Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы» 2 том болып жарық көрді. Каталогқа 1928-1942 жылдар арасында басылған кітаптар кірген. Еңбекті 1928-1942 ж.ж. латын графикасымен жарық көрген айтулы туындылардың мәліметтері жинақталған тұңғыш библиографиялық көрсеткіш деп атауға болады. Көрсеткіште алдымен кітап авторы, шығарманың аттары латын графикасымен, ал кітаптың толық сипаттамасы транслитерацияланып, қазіргі әліпбиімен берілген. Кітаптардың сипаттамалары хронологиялық тәртіппен, яғни әліпби бойынша орналастырылған. Каталогта жарияланымның редакторы, аудармашысы, суретшісі туралы да мәліметтер бар.


I томда кітаптар тақырыптары былайша бөлінеді: Жалпы мәселелер – 71 кітап; Философия, психология, логика – 4 кітап; Атеизм, дін – 5 кітап; Қоғамдық-саяси ғылымдар – 1580 кітап; Тіл білімі – 101 кітап; Жаратылыстану ғылымдары – 491 кітап.

Жинақ бізге мынадай маңызды мәлімет береді: 1928 – 5 кітап, 1929 – 42 кітап, 1930 – 143 кітап, 1931 – 176 кітап, 1932 – 184 кітап, 1933 – 165 кітап, 1934 – 150 кітап, 1935 – 173 кітап, 1936 – 163 кітап, 1937 – 150 кітап, 1938 – 180 кітап, 1939 – 233 кітап, 1940 – 192 кітап, 1941 – 91 кітап. Шыққан жылы белгісіз – 24 кітап бар [2,5]. Кітаптың ең көп шығу уақыты 1932, 1939, 1940 жылдардың еншісіне тиеді. Бір қызығы, латын графикасындағы қазақ әліпбиімен 1929 жылдан емес, 1928 жылдан бастап шыға бастаған екен.

Каталогтың екінші томында медицина, ауылшаруашылығы, техника, өнеркәсіп, өнер, спорт, әдебиет, тарих, география салалары бойынша 1538 кітап көрсетілген [3].



Сур.1. 1928-1942 жылдардары басылған қазақ кітаптары



Сур.2. Латын графикасымен басылған қазақ кітаптары (ғылым салалары бойынша)

Бұл еңбектер сол кезеңдегі Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерді баяндайды.

Латын графикасымен шығарылатын баспалар Қызылорда, Семей, Қостанай, Оралда және т.б. жерлерде жұмыс істеді. Облыстық баспаханалар негізінен қоғамдық-саяси әдебиеттер шығарып отырды. Сондай-ақ қазақ кітаптарының баспаханалары сондай-ақ Москва, Қазан,

Ташкент пен Самарқан қалаларында жұмыс істеген. Алматы-Москва және Москва-Ленинградпен бірлесіп шығаратын басылымдар да болған.

Аталған баспаханалардың тұрақты жұмыс істейтін жауапты редакторлары, аудармашылары, құрастырушылары болған. Мысалы, И.Байменұлы, Қ.Оспанұлы, Асылбек келіні, Т.Байменұлы, З.Болат немересі, Сыдықұлы, Ниязұлы, Бердіқожаұлы, Әлібекұлы, О.Шаяхметов, Ғ.Смағұлов, Қ.Тайшықов, Қ.Қасенұлы, Ә.Омарұлы, Е.Ержанов, М.Ешмұхамедов, Н.Ішаяқов, А.Айсарыұлы т.б. Аудармашылардың арасында Ә.Марғұлан, І.Жансүгіров, Ш.Айманов, С.Аманжолов сынды әйгілі тұлғалар да болды. Аудармашылар Қ. Үзденбаев, Ж.Алтайбаев, М.Ешмағанбетов, Ж.Жантурин, Ш.Күдербеков, С.Бәйішев, Қ.Сағындықов, М.Жанғалиндер елдегі кітап және ілеспе аударма мектебін құрған аударма ісінің хас шеберлері болды. Жауапты редакторлардың қатарында С.Лепесов, С.Аманжолұлы, Ғ.Мүсірепов, А.Тәжібаев, Ә.Қанапин, Ж.Саин сынды әйгілі тұлғалардың есімдері бар. Редакторлар қатарында Пидахметов, Қ.Шәріпов, Қ.Қайшыбаев, Ысламқұлов, С.Балғынбаев, Қ.Мірпайызов, Балқашев, Е.Қалымбетов, Берсүгіров, Сегізбаев, Қ.Оспанұлы, Т.Күлтебаев, А.Малтықов, И.А.Прумсон, Қадырбайұлы, Жанақұлы, Долайұлы, А.Әлібаевтардың есімдері жиі кездеседі [2].

Латын әліпбиімен басылған кітаптар қоғамдық саяси ғылымдар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, әдебиет тақырыптарына басымдық берген. Оған себеп сол кезеңдегі қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар болған. Яғни, бұл халықтың күн көрісі егін, мал шаруашылығы болғандықтан қажеттілік деп танылады.

Алғашқы жарық көрген кітаптардың берілу форматы мынадай:

Вайдыда uly Ә.1. Жаңа альббе туралы. 2. Жаңа альббе сабақ [Ғ].

Байділдаұлы Ә. 1. Жаңа әліппе туралы. 2. Жаңа әліппе сабағы/ Ә.Байділдаұлы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1928.-204 б. [4].

2. Сонан uly, teljan. Жаңалық: альббе.

Шонанұлы Т. Жаңалық. Әліппе/ Т.Шонанұлы; Қазақ жаңа әліппе комитеті. – Қызылорда:Қазақстан баспасы, 1928.-72 б. [5].


3.Ырlestik cart [6].

4. Kuvrestergeçolbasць/ asqarҒan: aidьda uly. Курстерге жолбасшы / Басқарған: Байділдаұлы.- Қызылорда: Гос.тип. КҚСНХ ,1928.-75 б. [7].

5. Qazaq jaña alybbesler qoqamnyñ «ЖАҚ» ustaby.

Қазақ жаңа әліппешілер қоғамының «ЖАҚ» уставы/ Қазақ жаңа әліппе кіндік комитеті. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1928.-40 б. [8].

Осылардың ішінен алғашқы тырнақалды еңбек «Vaidyda ulь Ә. 1. Jaña alybbe tuvraľ» кітабы. Еңбек 1928 жылы 5000 тиражбен жарыққа шыққан, 204 беттен тұрады [4]. Алғашқы 168 беті араб графикасымен жазылған, ал 170 беті латын графикасымен жазылған өлеңдер, мысалдармен жалғасады да, соңында латын графикалы әліпбиді көрсетеді. Бояуы өте аз, кескін, сурет қолданылмаған.



Енді, графикасы мен емлесіндегі мынадай ерекшеліктерге тоқталсақ:

1 Бас әріпке байланысты қиындықтар

1929-жылдары әріптің кіші нұсқасы ғана алынады. Әріптің кіші түрін ғана енгізудің себебі араб графикасындағы жазу жүйесіне ұқсатудан шыққан тәрізді. Бас әріппен жазу/жазбау мәселесі 1926 жылы Баку қаласында I Түркологиялық съезде және 1927 жылы Самарқан қаласында болған жиылыста, сондай-ақ 1929 жылы 18-23 қазан айында Орталық жаңа әліп кіндік комитеті ұйымдастырған III пленумда мәселе ретінде қаралады. Мұнда бір топ ғалымдар бас әріп мүлде керек емес десе, екінші бір топ кішкене әріпті үлкейтіп жазуды ұсынды. Қазақстаннан барған Т.Шонанұлы бас әріпсіз де жазуға болатынын айта кетіп былай дейді: «У

нас происходили учительские конференции, на которых мы обсуждали вопрос о заглавных буквах. У нас недавно прошла и конференция латинистов. Все эти наши конференции и съезды высказали против заглавных букв. Мы перешли на новый алфавит не потому, что новый алфавит имеет какие-то преимущества, что он красив, что в арабском большинство число знаков, а потому, что новый алфавит облегчит путь к массовому просвещению, и я думаю, что никто, даже из тех, кто горячо защищает заглавных букв, не будет говорить, что эти буквы могут облегчить разрешение нашей задачи. Я думаю, никто не докажет нам, что заглавные буквы облегчат проведения грамотности. А если это так, если заглавные буквы усложняют обучение грамоте, мы Казахстан, целиком и полностью отвергаем заглавные буквы. Ведь даже русские педагоги – Афанасьев и Шапошников – в своих методических трудах стоят против заглавных букв» [9,144]. Сонымен Орта Азия халықтарына мәселені дұрыстап шешуге уақыт беріледі.

Мерзімді басылым беттеріндегі жалқы есімдер,қысқарған сөздер, саяси ұйымдар, кәсіпорындар мен оқу орындардың, мекемелердің, газет, журнал, кітап, шығарма аттары кіші әріппен таңбаланды. Бұлай таңбалау жүйесіне Қазақстан оқытушылары газет беттеріне бірнеше қарсы пікірлерін білдіріп, бас әріп көзшалым процесіне оңтайлы деп көрсете отырып, бас әріпті оқытудың әдістемесін жасау керек деген пікірлер үздіксіз жарияланады. Сонымен, еуропа үлгісіне негізделген бас әріп таңбасы 1930 жылы 2 маусым айында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысында бекітіледі [10, 426].

Осы бас әріпке байланысты мәселелер шешілгенге дейінәріптіңкіші нұсқасы ғана алынған. Мысалы, жоғарыда аталған кітаптың алғашқы латын графикасымен жазылған 171-бетінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлең жолдарында:

oı̄ t̄yk, s̄yn-s̄ymm at̄t̄, tuz̄yk olsa,
savsaor̄y sald̄yrlaor̄an juz̄yk olsa:
ek̄y et̄y ul̄byre koz̄y jaina ,
elder̄y tart̄qan s̄ymdai naz̄yk olsa.

sultan-maqmud
1914 - jyl [4-171].

2 /в/ -ның үлкен әріп нұсқасы. <б> дыбысын бас әріп және кіші әріпте де в деп береді. Біз білетін латын графикасындағы <б> қолданбаған. Мысалы:

asempaz olmaarnege,
onerpaz olsanarqalan;
sende ыг кыргыз дуніеге,
кетъыгън та та арқалан.

3 Қысаң езуліктердің емлесі

<ы>, <і> дыбыстары 1929 жылға дейін бір таңбамен ь деп берілген.

М: qairat en aqyl jol ta ar,
qasqanoja da quvanoja.

adelet, carpat kьmde ar,

soljarasartuvqanoja.

Осы жердегі ақы және кьмде деген сөздер дәлел бола алады. [4,180]. Оның себебі төте жазу жүйесінде жуан-жіңішке дауысты дыбыстардың таңбасы біреу болды да, оларды дәйекше ажыратып отырды. Осы дәстүр 1928 жылғы жазбаларда сақталған болып отыр, яғни ы, і дыбыстарына бір ғана /ь/ таңбасын алған. Екіншіден, латын әліпбиіндегі /i/ таңбасы <й>, <и> дыбыстарының таңбасы ретінде қабылданған, яғни і дыбысына әріп қалмаған.

4 и, у дыбыстарының жазылуы

Аталған дыбыстар қазақ жазу тарихында бірнеше рет өзгеріске түсіп, былайша жазылған:

и → **ій ый** (тарыйқ, кабийнет, бийледі) (1938 жылға дейін)
и (тарих, кабинет, биледі) (1938 жылдан бастап)

у → **ыу, іу, ұу, үу** (тыуралы// тұуралы, сыу//сұу, күресіу) (1929 жылға дейін)
у → **ұу, үу** (сұу, күресуу) (1929 жылдан бастап жүйелі түрде)

у (су, күресу) (1938 жылдан бастап, қазірге дейін) [1,82].

Мысалы, **Вьiledь** (бийледі), **қыьпндьq** (қиындық), **уигеньv** (үйрену), **қыьпсьььq** (қиыншылық), **оqьv** (оқу) т.б. Бұл туралы толығырақ Н.Әміржанованың “Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы еңбегінен оқуға болады.

5 /o/ таңбасы 1929 жылғы бекітілген әліпбиге дейін <o>

<ө> дыбыстарына да қолданылған. Мысалы: *latьппьu*

ьldьтоһайьпөлеңінде: qocaman ol. kozacqanara ьm-ai!.. kim qaldь? –aldar kose, aqan qaldь.- деген жолдарда *қош, көз, алдар көсе* сөздері **o** таңбасымен жазылған. **Ө** таңбасы болмаған [4-188]. Оның себебі де жоғарыдағыдай.

6 Кейбір дауыссыз дыбыстардың жазылуы

Араб графикасына негізделген әліпби жүйесінде, яғни ескі қазақ жазба тілінде бір буынды сөздің аяғындағы (*көп – көб, шөп-шөб*), сонымен қатар, есімше формалы сөздерде келетін –ып, –іп жұрнақтары алғашқыда **-үб,-ұб,-ыб, -іб** түрінде таңбаланатын. Алғаш рет 1929 жылы емле конференциясында бұл мәселе шешімін тауып, *теуіб, жауыб,*

өшпейді болып жазылып жүрген сөздер *теуіп, жауып, өшпейді* түрінде жазуға тиіс екені хабарланады [11,100].

М: ьгъсть ай куң састь,

deitun edь “al astь”.

“osekсь” авьз, “suoяanaқ”,

кьг оль қара қојалақ.

Бұлардың барлығы әлі толық орнықпаған графикалық қиындықтар болуы мүмкін деп ойлаймыз.

7. *Сөздерді бірге, бөлек жазуда да өзгерістер болды.* Мысалы, кісі тегінің ұлы, қызы сөздері қашан да бөлек жазылған. Ол заман үшін біреудің қызы, ұлы болу, бұл жеке мазмұнды мағына алған. Ал, қазіргі ұлы, қызы деген сөздер жұрнақ мағынасында, біздегі –ов,-ев мағынасында. Ол заман үшін бұл шынымен де біреудің ұлы дегенді, яғни толық мағыналы сөз, ал қазіргі кездегісі жартылай мағына немесе жұрнақ қызметіндегі сөз.

8. *Кейбір тыныс белгілердің қолданылуы, оның ішінде қос нүкте ерекшелігі.*

Қос нүктені қолдану 1929 жылға дейін болмаған, оған дейінгі төте жазуда да болмаған. Яғни, қос нүктенің атқаратын қызметі қазақ баспа жұмыстарында әлі орнықпаған еді. Дегенмен де, біздерді кітаптың атауы қызықтырды. Яғни жаңалық болып отырған нәрсе әліппенің қайтадан жарық көруі. Мысалы: **Жаңалық: альббе.** Бұл шынымен де жаңалық, яғни жаңалық деп қандай әліппе дегенге назар аудартып тұр. Осыған дейін қолданылмаған пунктуациялық тыныс белгілердің пайда болуы, оқушы үшін бұл әліппе ерекше әліппе екеніне назар аудару үшін кітаптың атын осылай алып отыр. Бұл пунктуациялық тыныс белгі қазіргі 2000 жылдан кейін пайда болды.

9. Кісі есімдерінің берілу жолы.

Мысалы: Сопан иль,Телқан. Қазіргі есімдер Телжан Шонанұлы деп беріледі. Ол заманда адамның фамилиясы бірінші тұр. Неге олай? Яғни, ол үшін атасының есімі маңызды, одан кейін барып өзінің есімі маңызды. Демек бұлар интерпретацияға жататын мәтін болып табылады.

Аталған еңбектерден 1938 жылға дейінгі өзгерістерді көруге болады .

Қорыта келе, мақаланы жазудағы негізгі мақсат – 1929-1939 жылдардағы латынграфикалы алғашқы еңбектердің орфограммасын, емле ережесін, қолдану тәжірибесін талдап зерттеу, зерделеу. XX ғасырдың басында қазақ халқына енгізілген латын графикалы қазақ жазуының тарихи тағылымын сараптау еді.

Қазіргі таңда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі жан-жақты қарастырылып, 2025 жылға дейін толықтай көшіру жоспарланған болатын. Ұлттың рухани жаңғыруын бастайтын нақты қадамдардың

алдыңғы қатарына қазақ тілі жазуын латын жазуына көшіру мәселесі қойылып отыр. Бұл мәселе ұлттық сананы сілкінту, жаңғырту міндетінен туындап отырғандығы анық. Латын әліпбиі жазу арқылы жүзеге асатындықтан, жазу теориясын меңгерген маман ғана тілдің ішкі қатпарларын түсініп, жоба құрастыра алары анық. Қазіргі уақытта жаңа әліпбиге байланысты тіл білімі ғалымдарынан жасақталған құрам жұмыс жасап жатыр. Жаңа әліпбидің орфографиялық, пунктуациялық, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ережелері бекітіліп, теориясы жазылады. Осындай маңызды жұмыс барысында тарихи тағылымға көңіл аударған лазым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. – Алматы, 2012. – 37-82 б.
- 2 Асқарбекова Н., Замзаева Т. Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы. I бөлім. – Алматы, 2007. – 192 б.
- 3 Асқарбекова Н., Замзаева Т. Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы. II бөлім. – Алматы, 2011. – 440 б.
- 4 Baidylda ulь Ә. 1. Жаңа альббе туралы. 2. Жаңа альббе сабақ / Байділдаұлы Ә. 1. Жаңа әліппе туралы. 2. Жаңа әліппе сабағы / Ә. Байділдаұлы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1928. – 204 б.
- 5 Sonan ulь, Teljan. Jaňalyq: альббе. Шонанұлы Т. Жаңалық. Әліппе / Т. Шонанұлы; Қазақ жаңа әліппе комитеті. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1928. – 72 б.
- 6 Ырlestik cart. Kuvrestergeçolbasць / Basqar Qjan: Baidylda ulь. Курстерге жолбасшы / Басқарған: Байділдаұлы. – Қызылорда: Гос.тип. КҚСНХ, 1928. – 75 б.
- 7 Qazaq çaña альббесылер қоQамынь “ЈАО” ustabь. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Алматы, 2005. – 144 б.
- 8 I Всесоюзный тюркологический съезд 26/II-5/III-1926. Баку, 1926. – 426 с.
- 9 Стенографический отчет научно-орфографической комиссии, созванной 2-4.06. 1929 г. Научно-методическим советом НКП и ЦККА. – Кызылорда, 1930. – 482 с.
- 10 Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс», 2007. – 410 бет.
- 11 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы, 2013. – 242 б.